

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

***«ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ***

***ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің қандас тыңдаушылар
дәрісханасына арналған
(оқыту қазақ тілінде)***

Алматы, 2020

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ДЕЙІНГІ ДАЙЫНДЫҚ КАФЕДРАСЫ

Наралиева Рахила Тұрсыновна
Султанова Бибигуль Мынбаевна
Идрисова Гульжан Асановна

***«ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ***

*ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің қандас тыңдаушылар
дәрісханасына арналған
(оқыту қазақ тілінде)*

6 кредит

Алматы, 2020

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНДЕ ЖАСАЛҒАН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Авторлары:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы
Наралиева Р.Т.,
Қыздар Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің қауым.
профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Султанова Б.М.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы
Идрисова Г.А.

2 РЕЦЕНЗЕНТТЕР:

Тымболова А.О., филология ғылымдарының докторы, ҚызМемПУ-дің
профессоры,
Зайсанбаев Т., филология ғылымдарының кандидаты, С.Асфендияров
атындағы ҚазҰМУ-дың доценті.

3 Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің
«__» _____202__ жылғы № ____ бұйрығымен бекітілген және
мақұлданған

4 БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҮДЕРІСКЕ ЕНГІЗІЛГЕН

Оқу сауаттылығы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру); ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасы; ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2016); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламаларының мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

5 Республикалық Оқу-әдістемелік Кеңесінде қаралған

«__» _____2020 жылғы № ____ Хаттама

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

«_____» _____ №_____ бұйрығымен **бекітілген.**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы

«_____» _____ № _____ **тіркелген.**

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы

«_____» _____ № _____ бұйрығымен оқу бағдарламасына **өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.**

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылы

_____ № _____ **тіркелген.**

Оқу сауаттылығы: Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінің қандас тыңдаушыларына жалпыға міндетті орта білім беру деңгейіндегі даярлық бөлімдеріне арналған үлгілік оқу бағдарламасы (оқыту қазақ тілінде). – Астана:, 2020. – 28 б.

© Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, 2020

АЛҒЫ СӨЗ

1. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті әзірлеген, ұсынған.

Авторлар: Наралиева Р.Т. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық

университетінің аға оқытушысы.,

Султанова Б.М. – Қыздар Мемлекеттік Педагогикалық Университетінің қауым. профессоры, филология ғылымдарының кандидаты.

Идрисова Г.А. – Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

2. Пікір жазғандар:

Тымболова А.О., филология ғылымдарының докторы, ҚызМемПУ-дің профессоры,

Зайсанбаев Т., филология ғылымдарының кандидаты, С.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-дың доценті.

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігінің 2020 жылғы « ____ » _____ № ____ бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ, КҮШІНЕ ЕНДІ.**
4. Үлгілік оқу бағдарламасы **оқу сауаттылығы пәні** бойынша мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сай жасалған.

Республикалық Оқу-әдістемелік кеңестің мәжілісінде 2020 жылғы « ____ » _____ № ____ **ҚАРАСТЫРЫЛДЫ**, хаттама № ____.

**ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің қандас тыңдаушылар
дәрісханасына арналған
«ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰНДАҒЫ
ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
(оқыту қазақ тілінде)**

ТҮСІНІК ХАТ

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті жоғары оқу орнына дейінгі дайындық кафедрасында қандас тыңдаушыларға «Оқу сауаттылығы» пәнінен білім беру үдерісі ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2016); Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары мен оқу жұмыс жоспарының негізінде және «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және ҚР Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 3 мамырдағы № 192 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының жоғары оқу орнына дейінгі білім беру саласының басым бағыттарын әлемдік білім беру үдерістерін дамыту жолына сәйкестендіру мақсатында, білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру қазіргі таңда отандық оқу-ағарту ісінде өзекті мәселелердің бірі болып табылады. «Оқу сауаттылығы» пәнін Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен даярлық курстарында оқыту мемлекеттік жалпыға міндетті білім берудің стандартына сәйкес «Филология» білім беру саласына енгізілген және даярлық курстарында жалпы орта білім беру мектептің негізгі деңгейінде міндетті түрде оқытылатын пән. «Оқу сауаттылығы» пәнін оқытудың маңыздылығы қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесімен дәйектеледі.

«Оқу сауаттылығы» пәнін оқытып, білім берудің негізгі құзыреттілігі мен оқыту барысында күтілетін нәтижеге қол жеткізу мынадай жағдайларға байланысты:

- «Оқу сауаттылығы» пәнін оқыту – оқу үдерісінде қазақ тілін функциональды-коммуникативтік бағытта оқыту жүйесіне – «тілден – тілдік формаға және тілдің функциясына» және «тілдің функциясынан – тілге» қарай ойысу логикасына негізделеді;
- Пәнді оқыту барысы жекеге тұлғаның қабілетінің ерекшелігіне қарай

бағдарлау негізінде ұйымдастырылады;

- Пән мазмұнын тілдік бағдармен қатар тыңдаушының таңдаған болашақ мамандықтарына қатысты берілген мәтіндердің типтік когнитивті-лингвомәдени кешен түрінде ұсынылады;

«Оқу сауаттылығы» пәнін оқып меңгерудің нәтижесінде тыңдаушы мынадай индикатор жетісітігіне қол жеткізуі керек:

- «Оқу сауаттылығы» пәнін оқу барысында тыңдаушылардың теориялық білім алумен қатар, жазбаша мәтіндерді ұғына оқу қабілеттілігі қалыптасады;

- оларға рефлексия жасау арқылы жұмыстың нәтижесін, мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін қолдана, білімдері мен дағдыларын қоғамның белсенді өміріне араласуы үшін дамыта алады;

- Оқу сауаттылығын тексеруге бағытталған білім мониторингі – білім алушының оқу техникасы немесе мәтіннің мазмұнын нақты түсінуін бағалауға емес, оқу барысында меңгерген білімдері мен дағдыларын өмірлік жағдайларда қолдана білуге икемділіктерін бағалауға бағытталады;

«Оқу сауаттылығы» пәнінің мақсаты білім алушының мәтіндегі ақпараттың мазмұнын бағалау, түсіну және интерпритациялау қабілеті болып табылады.

PISA анықтамасы бойынша, сауатты оқу – бұл мақсатқа қол жеткізу, білім мен әлеуетті дамыту, қоғамдық өмірге белсене араласу үшін жазбаша мәтінді түсіну, пайдалана алу, көрсету және жұмыс жасау болып табылады;

- Оқу барысындағы шығармашылық рефлексия – жеке тұлғалық құндылық сапаларын қалыптастыруда және өзіндік даму бағытын айқындауда маңызды рөл атқарады және адамды, білімді дамытуға, білім алушының жеке тұлға болып қалыптасуына, өзіндік талдау кезінде ғана байқалатын өзіндік жеке дара ерекшеліктерін тануына мүмкіндік туғызады.

- Мәтіндердің жанрларымен жұмыс жасайды;
- Мәтіндерде берілген ақпараттарды жүйелей және пайымдай алады;
- Мәтіндердегі ақпараттар мен мәліметтерді, деректерді негізгі мәні мен мазмұнын нақтылау барысында жинақтау-талдау секілді т.б.негізгі әдіс-амалдарды тиімді қолдана алады;
- Негізгі және қосымша әдебиеттермен жұмыс істей алу машығы қалыптасады;
- Негізгі тапсырма талабына қатысты ақпараттарды өздігімен әдебиеттерді, ғаламторларды пайдалана отырып таба алатын ізденістік дағдысы болады;
- Дереккөздерін қолдану арқылы тыңдаушының функциональдық сауаттылығы дамиды;
- Ана тілінде еркін қарым-қатынас жасау үшін қажетті сөйлеу

коммуникациясының стратегиясы мен тактикасын, сөйлеу әдебінің нормаларын меңгереді.

Қазақстан Республикасының қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық даму деңгейінің артуы, алыс және таяудағы шет мемлекеттермен халықаралық байланысының нығаюы, әлемдік біліми-ғылым кеңістігінде ықпалының артуы, отандық білім беру саласының жаңа сапалық кезеңге көтерілуі, біліктілік деңгейі әлемдік оқу стандарттарына сәйкес және заман талабына сай келетін халық ағарту саласының алдына жаңа мазмұнды білім беру міндеттерін қойып отыр. Туған елінің тарихи құндылықтарына, тілі мен тарихына, мәдениетіне құрметпен қарап, жаһандану үдерісінде мемлекетіміздің жедел дамуына үлес қосатын білімді де білікті, еңбек нарығында бәсекеге қабілетті мамандарды даярлаудың қажеттігін туғызып отыр. Мемлекеттік тілді меңгерген білікті мамандарды қалыптастыру жаңартылған оқу мазмұнының міндетті құрамдас бөлігі болуы тиіс. Бұл мәселе отандық жоғары оқу орнына дейінгі білім беру мекемелерінде қазақ тілін оқыту үдерісін қайта қарап, еліміздің даму деңгейі мен халықаралық стандарт талаптарына сай құруды талап етеді. Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультетінде тыңдаушыларға алғашқы апталарда «Оқу сауаттылығы» пәні бойынша қазақ тілінің бастапқы бөлімін: қазақ әліпбиін, фонетиканы оқытуды қамтыса, ал келесі кезеңдерде қазақ тілінің грамматикасының негізгі бөлімдерін оқытылады да, тыңдаушылардың функциональдық сауаттылығын, коммуникативтік құзыреттіліктің тілдік дағдыларын қалыптастыру мақсатында лексика-грамматикалық тақырыптарға сай мәдени-танымдық, патриоттық тәрбие беруге бағытталған мәдени-танымдық, тәрбиелік мәні зор оқу материалдары сұрыпталып ұсынылады. «Оқу сауаттылығы» пәнін оқытуда негізгі бағытта тыңдаушылардың функциональдық сауаттылығын арттыра отырып, қазақ тілінің тілдік дағдыларын функциональдық-коммуникативтік тұрғыдан меңгерту басты назарда болады.

МАЗМҰНЫ

Бағдарламаның мазмұны тарихи отанында білім алып жүрген шетелдік қандас тыңдаушылардың ана тілінде қажетті коммуникативтік құзыреттіліктермен, тілдің адамзат қарым-қатынас маңызды құрал ретіндегі қазақ тілінің бір саласы «оқу сауаттылығы» негізінде ғылым-білім кеңістігінде бәсекеге қабілетті функциональды сауатты тұлға болуының негізін меңгертудің білімдік, мәдени- танымдық, әлеуметтік-тәрбиелік мақсаттары мен міндеттерін айқындайды.

«Оқу сауаттылығы» пәнін қандас тыңдаушыларға практикалық тұрғыдан меңгертудің мақсаттары мен міндеттері – өзекті және басты мәселе болып саналады. ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің тыңдаушылары оқу сауаттылығы пәнін жаңартылған мазмұндағы оқыту жүйесі мен коммуникативтік өзгешеліктерін меңгеру барысында тренингтермен, мәтін жанрларымен жұмыс істеу машықтары мен жағтығуларды, тест тапсырмаларын орындау арқылы ана тілінде жетік сөйлеу, ойын еркін жеткізу құзыреттілігіне және мәтіндегі ақпараттарды терең түсіну, талдау, жинақтау, пайымдау әрекеттерінің нәтижесінде сапалы білім алады.

«Оқу сауаттылығы» пәнінің негізгі мақсаты – шетелдік қандас тыңдаушыларының қазақ тілінің негізгі төрт аспектісі бойынша тілдік дағдыларын, сөйлеу әдебін, тіл мәдениетін қалыптастыру, білімдік дағдыларын бекіту мен оларды таңдаған болашақ мамандығы бойынша отандық жоғары және арнайы оқу орнына түсу үшін бірыңғай ұлттық тест даярлау.

Пәннің негізгі міндеттері:

- білім алушының функциональдық оқу сауаттылығы мен коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру;
- білім мен ғылым кеңістігінде және еңбек нарығында бәсекеге қабілетті тұлға болып қалыптасуы үшін қажетті білім дағдыларының негіздерін беру;
- шетелдік қандас тыңдаушылар ана тілінде ойын еркін жеткізуі, жетік сөйлеуі үшін тілдік жағдаяттарға қажетті дайындығын қамтамасыз ету;
- мәтіндердің мазмұндарын, мағыналарын, жанрлық, стильдік ерекшеліктерін, құрылымдық жақтары талдау және жинақтаған нәтижелерді практикада, нақты іс жүзінде қолдана білу дағдысын қалыптастыру;
- Тәуелсіз Қазақстанның геосаяси және экономикалық-әлеуметтік, мәдени жағдайына бейімдеу;
- Атамекенін шетелдік тыңдаушы қазақ жастары тарихи отаным деп танып, туған елінің дамуына үлес қосуға, туған халқына жан аянбай адал қызмет теуге шақыру.

1. Оқу сауаттылығы – тыңдаушының функциональдық сауаттылығын, пәндік-тілдік материалды қалыптастырудың негізгі бастауы.

1.1. Тілдік бағдар. Қазақ тілінің фонетикасы.

1.2. Қазақ тілінің лексикасы.

1.3. Сөзжасам және морфология. Бейтарап сөздер.

1.4. Синтаксис. Жай сөйлем мен құрмалас сөйлемнің синтаксисі.

1.5. Стилль және стилль түрлері.

1.6. Шешендік сөздер және сөз бедері.

2. Оқу-әдістемелік саладағы базалық категориялық-ұғымдық ақпарат. Әртүрлі жанрдағы мәтіндерді талдау, саралау деңгейінде білім дағдыларын қалыптастыру.

3. Оқу сауаттылығы бойынша пәндік салаға қатысты тілдік бағдарды, білім мазмұнын, түсініктерді, ұғымдарды сипаттау.

Әртүрлі жағдаяттарға қатысты әртүрлі жанрдағы, түрлі мазмұндағы мәтіндермен жұмыс істеу дағдысын дамыту және мемлекеттік стандартқа сай қазақ тілінің жалпыға бірдей міндетті орта білім деңгейін меңгерту.

4. Оқу сауаттылығының басқа пәндермен байланысы.

Оқу сауаттылығы пәнінің трансформациясы мен дифференциясы. Тілдік жағдаяттарға орай шетелдік қандастардың ана тілінде еркін сөйлеу машығын қалыптастыру ерекшеліктері. Білім алушының қабілетіне қарай жеке тұлғаға бағдарлап білім беру барысында оның психологиялық, физиологиялық ерекшеліктерін бағдарлау үшін психология пәнімен, әртүрлі жанрлардағы, түрлі мазмұндағы оқу материалдарын ұсыну, жаттығуларды, тренингтерді, тапсырмаларды, сабақтарды ұйымдастыру барысында Қазақстан тарихы, қазақ әдебиеті және тілдік бағдарды меңгерту жолында қазақ тілі пәндерімен тығыз байланыста болады.

5. «Оқу сауаттылығы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы тақырыптық жоспары. Пәннің тілдік бағдары айқындалып, оқу материалдарының негізгі мазмұны, басты бағдары ұсынылады.

6. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

Пәннің тақырыптық жоспары
«Оқу сауаттылығы» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу
бағдарламасы

№	Тілдік. Бағдар. Тақырыптардың атаулары
1	Қазақ тілі тарихына кіріспе. Қазақ тілінің фонетикасы туралы түсінік
2	Дауысты және дауыссыз дыбыстардың жіктелуі және олардың емлесі
3	Кірме дыбыстар мен кірме сөздердің емлесі
4	Буын және оның түрлері. Тасымал. Екпін және оның түрлері
5	Орфография мен орфоэпия заңдылықтары. Пунктуация мен тыныс белгілері
6	Қазақ тілі лексикасы және лексикология. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Актив және пассив лексика. Кітаби лексика
7	Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздер. Олардың негізгі белгілері мен айырмашылықтары. Синонимдер мен антонимдер. Синонимдік қатар мен антонимдік жұп.
8	Неологизмдер мен көнерген сөздер. Олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтары. Неологизмдердің жасалу жолдары. Кірме сөздер. Кірме сөздердің тілімізге ену кезеңдері . Әр кезеңдегі олардың қолданылу ерекшеліктері, себептері
9	Диалекті сөздер – жергілікті тіл ерекшелігі. Олардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктері
10	Кәсіби сөздер мен терминдер. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары
11	Арго мен жаргондар, олардың қазақ тілінде алатын орны мен қолдану аясы. Олардың пайда болу жолдары мен себептері. Варваризмдер. Олардың күнделікті өміріміздегі көрінісі мен зиянды жақтары
12	Табу мен эфвемизмдер. Олардың сөйлеу тілімізде атқаратын қызметі. Қазақ халқының ат тергеу дәстүрі. Тұрақты сөз тіркестері. Фразеологизмдер мен идиомдар
13	Морфология және сөзжасам туралы түсінік. Сөз. Негізгі және көмекші морфемалар. Сөзжасам. Сөз тұлғасы. Негізгі түбір және туынды түбір. Сөз құрамы. Дара сөз және күрделі сөз. Қос сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер. Олардың түрлері мен ерекшеліктері, емлесі

14	Сөз таптары мен олардың түрлері. Атауыш сөздер, негізгі сөздер, көмекші сөздер және олардың ерекшеліктері мен негізгі белгілері
15	Зат есім мен оның мағыналық түрлері, грамматикалық категориялары. Көптік мағына мен көптік жалғауы. Септеу: жай септеу мен тәуелді септеу. Тәуелдік жалғау, тәуелдеудің меншіктік пен қатыстық формасы, -нікі,-дікі, -тікі, -ікі тұлғалары. Жіктік жалғауы. Жекеше және көпше түрде жіктеу. Жалғаулардың жалғану тәртібі.
16	Сын есім және оның мағыналық түрлері. Сын есімнің шырайлары, олардың емлесі. Сын есімнің заттануы, субстанция құбылысы
17	Сан есім және оның мағыналық түрлері. Сан есімнің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Араб пен рим цифрларын қолдану аясы мен қолданудағы өзгешеліктерін түсіндіру. Сан есімдерді біресе сөзбен жаздырту, біресе цифрмен жаздыртуға арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру. Мысалы, қазақ Сан есімдердің сөйлемдегі атқаратын қызметтері. Сан есімнің жазылу емлесі
18	Есімдік және оның мағыналық түрлері. Есімдіктің өзіндік ерекшеліктері мен сөйлемдегі атқаратын қызметіне тоқталу. Жазылу емлесі.
19	Етістік және оның етістікке тән негізгі тұлғалық белгілері. Негізгі және туынды етістіктер. Болымды және болымсыз етістіктер. Салт және сабақты етістіктер. Қалып етістіктер. Етіс категориясы. Есімше мен көсемше. Етістіктің шақтары. Рай категориясы. Тұйық (қимыл-атау) етістік. Етістіктің жіктелуі.Етістіктің сөйлемдегі қызметі.
20	Үстеу және оның мағыналық түрлері. Үстеудің сөйлемдегі қызметі. Үстеудің тұлғалық түрлері. Үстеудің жасалу жолдары. Өзге сөз таптарының үстеуге айналуы, адбервализация құбылысы. Үстеудің жазылу емлесі
21	Шылау сөздер және оның мағыналық түрлері. Жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер. Олардың өзіндік ерекшеліктері мен жазылу емлесі. Шылау сөздердің байланыстырғыш қызметі
22	Оқшау сөздер туралы түсінік. Одағай сөздер. Одағайдың мағыналық түрлері. Одағайдың өзіндік ерекшелігі. Одағайдың айтылудағы интонациясы мен жазылу емлесі
23	Еліктеу сөздер, олардың түрлері: дыбыстық еліктеуіш пен

	көріністік бейнелеуіш сөздер. Негізгі еліктеу мен туынды еліктеу.. Еліктеу сөздерден жасалатын туынды сөздер. Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі . Морфологиялық талдау жүйесі мен талдау үлгісі
24	Синтаксис туралы түсінік. Сөз тіркесі. Еркін тіркестер мен тұрақты тіркестер. Есім тіркестер мен етістікті тіркестер. Сөз тіркестерінің байланысу жолдары мен тәсілдері
25	Жай сөйлем. Оның түрлері. Хабарлы сөйлем, сұраулы сөйлем, лепті сөйлем, бұйрықты сөйлем. Жалаң мен жайылма сөйлемдер. Толымды және толымсыз сөйлемдер
26	Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері және олардың өзіндік белгілері. Айқындауыш мүше мен бірыңғай сөйлем мүшелері. Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі мен жүйесі. Сөйлем мүшесіне талдау үлгісі
27	Оқшау сөздер. Қыстырма сөздер мен қаратпа сөздер. Олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу, сөйлем мүшесі бола алмайтын себебін түсіндіру. Оқшау сөздерге қатысты қойылатын тыныс белгілерін меңгерту
28	Құрмалас сөйлем, оның түрлері. Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің басты ерекшеліктеріне тоқталу. Құрылымдық өзгешеліктерін түсіндіру
29	Салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас, олардың түрлері. Құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу жолдары мен тәсілдерін түсіндіру. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластардың жасалу жолдарына назар аударту, олардың өзіндік ерекшеліктері мен негізгі белгілеріне тоқталу
30	Ыңғайлас салалас құрмалас. Ыңғайлас салаластың өзіне тән белгілері. Ыңғайлас салаластың байланысу тәсілдері. Құрамындағы компоненттерінің ыңғайлас, бағыттас, мезгілдес мәндегі қарым-қатынаста болатындығын түсіндіру
31	Қарсылықты салалас құрмалас. Қарсылықты салаластың өзіндік белгілері. Жалғаулықты, жалғаулықсыз қарсылықты салалас және олардың тыныс белгілері. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың компоненттерінің орын тәртібіне, интонация арқылы байланысуына назар аударту

32	Түсіндірмелі (іліктес) салалас құрмалас. Түсіндірмелі салаластың өзіндік белгілері. Түсіндірмелі салаластың компоненттерінің жалғаулықсыз байланысатындығын және оларға қойылатын тыныс белгілерін түсіндіру
33	Талғаулы салалас құрмалас. Талғаулы салаластың өзіндік белгілері. Оның тек жалғаулықты болып келетіндігіне тоқталу
34	Кезектес салалас құрмалас. Кезектес салаластың өзіндік белгілері. Кезектес салаластың компоненттері тек кезектес мәнді жалғаулықтар арқылы байланысатындығын түсіндіру. Мысалдар келтіру, дәлелдеу
35	Себеп-салдар салалас құрмалас. Себеп-салдар құрмаластың өзіндік белгілері. Оның байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз болып екі түрге бөлінетіндігін түсіндіру. Жасалу жолдары мен қойылатын тыныс белгілеріне назар аударту. Нақты мысалдар, жаттығулар арқылы меңгерту
36	Шартты бағыңқы сабақтас құрмалас. Оның бағыңқы компонентінің баяндауышының жасалу жолдары мен басты белгілерін түсіндіру. Жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлеріне қойылатын тыныс белгілеріне көңіл аударту. Бағыңқы сыңарына қойылатын сұрақтарды саралап атап көрсету
37	Қарсылықты бағыңқы сабақтас құрмалас. Қарсылықты бағыңқы сабақтастың құрамындағы 3 компоненттеріндегі айтылатын ой қарама-қарсы мәндік қарым-қатынаста болатындығын және бағыңқы компоненті арнайы сұраққа жауап беретіндігін атап көрсету. Жасалу жолдары мен тыныс белгісіне тоқталу. Қарсылықты салаласпен салыстыра отырып түсіндіру. Салаластан – сабақтас, сабақтастан салалас жасату
38	Мезгіл бағыңқы сабақтас құрмалас. Мезгіл бағыңқының баяндауышының жасалу жолдарына және мезгіл бағыңқы сабақтастың сыңарларының байланысу тәсілдеріне тоқталу, нақты мысалдар арқылы меңгерту. Бағыңқы компонентінің сұрақтарына арнайы тоқталу

39	Қимыл-сын бағыңқы сабақтас құрмалас. Қимыл-сын пысықтауышты еске түсіріп қайталау арқылы қимыл-сын пысықтауышпен салыстыра отырып, нақты мысалдар келтіріп, қимыл-сын бағыңқы сабақтастың басты өзіндік белгілерін түсіндіру, меңгерту
40	Себеп бағыңқы сабақтас құрмалас. Себеп бағыңқы сабақтастың басты белгілеріне және бағыңқы компоненттерінің баяндауышының жасалу жолдарына көңіл аударту. Мағыналары бір-біріне жуықтас мәнде келген жай сөйлемдерден себеп бағыңқы сабақтас сөйлемдер жасату
41	Мақсат бағыңқы сабақтас құрмалас. Мақсат бағыңқы сабақтастың өзіндік белгілерін мақсат пысықтауышпен салыстыра отырып түсіндіру. Бағыңқысына арнайы сұрақтар қоя отырып, бағыңқысы басыңқысындағы іс-әрекеттің, айтылған ойдың мақсатын білдіретінін нақты ерекшелігіне тоқталу
42	Көп бағыныңқылы сабақтас құрмалас. Аралас құрмалас сөйлем, оның өзіндік жасалу жолдарын түсіндіру
43	Стиль және стилистика туралы түсінік. Стильдің түрлері. Ауызша және жазбаша стиль. Ауызекі сөйлеу стилі, ресми-іскери стиль, публицистикалық стиль, көркем стиль, ғылыми стиль
44	Шешендік өнер және сөз бедері. Шешендік сөздер және сөйлеу мәдениеті

«Оқу сауаттылығы» пәнінің үлгілік бағдарламасы
ЖОО-ға дейінгі білім беру факультетінің қандас тыңдаушылар
дәрісханасына арналған

«Оқу сауаттылығы» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы – оқытушының оқу құралының негізі және мемлекеттік құжаты. Бағдарламада тыңдаушы қандасдарға пән бойынша өткізілетін сабақтың сағат санының

мөлшері, берілетін білімнің өлшемі және де пәннің мазмұны мен сабақ барысында қолданылатын әдіс-амалдың қырлары белгіленеді.

Жоғары оқу орнына дейінгі білім беру факультеті мен даярлық курстарына арналған **«Оқу сауаттылығы» пәнінің оқу бағдарламасы** – оқыту үдерісі мемлекеттік тілде жүргізілетін жоғары оқу орнына дейінгі білім беретін оқу-ағарту мекемелерінде, оқу оқу орындарында білім алушының қазақ тілін коммуникативтік тұрғыдан меңгеруін қамтамасыз ететін; қазақша тілдік дағдылардың, сөйлесім әрекетінің барлық аспектілерін (тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім) жоғары деңгейде іс жүзіне асыратын; тыңдаушының түсінікті сөйлеу дағдысы мен сауатты жазу дағдысын қалыптастыратын білім мазмұнын, көлемін, мөлшерін, оқу жүктемесін қамтитын; білім, білік дағды деңгейлеріне байланысты тақырыптық материалдарды сұрыптайтын; дидактикалық ұстанымдарды; білім алушыларды еліміздің жоғары оқу орнына түсу үшін қажетті білім деңгейін меңгертуге бағытталған, тыңдаушылардың білімі мен білігіне қойылатын талаптарды анықтайтын **нормативтік құжат**.

Қазақстан Республикасының «Тіл туралы», «Білім беру туралы» Заңдары мен Қазақстанда тілдерді дамытудың «2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» белгіленген міндеттерді орындау жолында мемлекетіміздің білім беру жүйесінде көптілді меңгерген дара тұлғаны қалыптастыру үшін жүзеге асыру мақсатында білім беру ісінің жаңа мазмұнды оқу бағдарламасы жасалынды.

«Оқу сауаттылығы» пәнін оқытудың мақсаты: қандас тыңдаушыларды Қазақстан Республикасының ЖОО орындарына оқуға түсу үшін оқу сауаттылығы пәні бойынша кешенді тест сынағын тапсыруға дайындау. Пәнді оқыту нәтижесінде тыңдаушылар қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігін жүйелі түрде буынға ұластырып, одан орфография мен орфоэпия заңдылықтарының қағидаларын меңгереді, оқу және қажет болған жағдайда ресми-іскери қарым-қатынаста сөйлесе білуге, оған тән ерекшеліктерді жүйелі түрде қабылдай алуға, түсінуге қабілетті болады. Тыңдаушылар теориялық ережелерді мәтін мазмұнынан екшей отырып, жинақтау, түсіндіру, нәтижені сұрыптау үдерістерін жүзеге асыра алады; оқу барысында нақты шешімдер қабылдай білу, презентациялар жасау, ой түйіндеуге қабілетті болады;

Тапсырманы талдап және мәтінді мазмұндық жағынан меңгере алуға қабілетті болады; өзіндік шешім қабылдау әрі әдіснамалық негізде тұжырым жасай алады. Тыңдаушылар теориялық және тәжірибелік көзқарасын қалыптастырып, ғылыми негізде түйіндеген ойын қорғай білуге қабілетті болады. Оқу сауаттылығы пәнін оқыту барысында қандас тыңдаушылар қазақ тілінің грамматикасының негіздері бойынша білім алып, оқу сауаттылығы пәні бойынша ЖББ мектептің мемлекеттік бағдарламасын толық меңгеріп, еліміздің ЖОО оқу орындарына оқуға түсу үшін кешенді

тест сынағын тапсыруға қабілетті болуы тиіс.

Бағдарламада қазақ тілі пәнінің негізгі бағыты мен басты міндеті анықталып, сабақтың жүргізілу әдістері мен өткізілу тәртіптері, қай кезеңде пәннің қай бөлімі өткізілетіні, сол салаға байланысты игерілетін теориялық материалдар жинағы мен жаттығу жұмыстары көрсетіледі. Жұмыс бағдарламасы белгілі бір жүйеге негізделеді, қалыпты тәртіпке сүйеніп жасалынады. Жұмыс бағдарламасын талапқа сай орындау, сабақты бағдарламаға сәйкес өткізу – әр оқытушының басты міндеті. Оқытушы бағдарлама бойынша алдын-ала сабаққа қатысты лайықты жаттығу жұмыстарын, тыңдаушылар білімді жақсы сіңіру үшін әсерлі де тиімді әдістерді жоспарлау арқылы қажетті грамматикалық және лексикалық материалдарды таңдап, дәрісхана психологиясын ерекшеліктерін ескере отырып сұрыптап алады.

Жаттығу жұмыстары жеңіл жұмыстарды жайлап біртіндеп күрделендіру тәсілін басшылыққа алады, сабақ “жеңілден – қиынға” қағидасы бойынша жүргізіледі. Қазақ тілінде еркін сөйлегенімен қандас дәрісханасы қазіргі қазақ әріпнамасын білмейді. Сондықтанда кириллицаға негізделген қазіргі қазақ әріпнамасымен таныстыра отырып, көркем жазуды үйрету, сауатты жазуды игерту қажеттігі туындайды. Осы қажеттілікке байланысты қазақ тілі дыбыстары мен оның шартты белгісі – әріпті меңгерту кезінде оқытушы сабақты үнемі тіл ұстартуға негіздей жүргізуі тиіс. Ауызша әңгімелесу арқылы дыбыстарды сөз ішінде дұрыс естуге, ажырата білуге дағдыландыру. Жаттығуларды көшіртіп жаздырудан кейін, тыңдап жазуға төселдіру. Бұл алғашқы сатыдан соң – фонетикадан кейін қазақ тілі лексикасы мен грамматикасын, стилін меңгерту жұмыстары жүргізіледі. Сабақтың мақсатына орай тыңдаушылар мәтін бойынша сауаттылық деңгейін анықтайтын тест тапсырмаларын орындайды. Оқытушы сабақтарды тек жалаң грамматикалық жаттығулармен өткізумен ғана шектелмей, әртүрлі тиімді қызықты грамматикалық жаттығу жұмыстарын ұйымдастыруы керек. Сабақты ұйымдастыру барысында жаңа әдістемелік тәсілдерді қолдана отырып, қалыптан тыс сабақтарды өткізу де – қандас дәрісханасында қазақ тілі пәнінің жемісті оқытылуына өз көмегін тигізеді. тілдің функционалдық қасиеттерін танып, пәннің тілдік деңгейлерін жетік меңгертуді көздейді. «Оқу сауаттылығы» сабағы халықтық педагогиканың озық үлгілерін пайдалана отырып, әрбір тыңдаушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына жағымды әсерін тигізуді көздейді, сабақ пен тәрбие жұмыстарын ұштастыра жүргізу арқылы оларды отаншылдыққа баулиды. Қазақ тілін оқытуда пән оқытушысы Ата заңымыздың “Тіл туралы” заңын басшылыққа алады, оқу бағдарламасын үкіметіміздің қаулы-қарарына сәйкес жүзеге асырады.

Оқу-әдістемелік ақпарат. «Оқу сауаттылығы» пәні бойынша тілдік құзыретті қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім мазмұны

Грамматикалық бөлім: жоспарланған білім мазмұнына сай грамматикалық материалдарды түсіндіру және бекітуге арналған тренинг-жаттығулар, тапсырмалар ұйымдастыру. Жалпыға міндетті стандартқа сай орта білім деңгейінде грамматикалық материалдарды меңгерту.

Әлеуметтік-тұрмыстық бөлім: мақсатқа сәйкес тақырып пен тапсырма беріледі; берілген тақырыпқа сай мәтін ұсыну.

Тілдік бөлім: Сөз және сөз тіркестері. Сөйлемдер. Тұрақты тіркестер. Қанатты сөздер. Олардың сөйлем ішіндегі экспрессивті мәні. Өткен материалды қайталау.

Лексикалық бөлім: тақырып көлеміндегі лексикалық бірліктер, ілмек сөздер, негізгі атаулар.

Қатысымдық-сөйлесімдік бөлім: тілдік дағдыларды бекіту, тілдің негізгі аспектілерін жүзеге асыру машықтарын қалыптастыру:

Тыңдалым. Мәтінді тыңдап, айтылған ойды түсіну. Тақырыпқа қатысты берілген мәтінді талдау, сөйлемдерді түсіну және қолдану. Өртүрлі жанрдағы шағын және орта көлемді мәтіндердегі басты ақпаратты табу, мәнмәтіндегі тілдік құралдардың рөлін талдау; тыңдалған мәтіндегі ақпаратты әлеуметтік-тұрмыстық, қоғамдық мәселелермен байланыстыра білу; мәтіннің мақсаты арқылы негізгі ойды негізгі идеясын айқындау; мәтінде айтылған ойға өз көзқарасын білдіру, сыни тұрғыдан баға беру білу.

Оқылым. Оқылым стратегияларын дұрыс қолдану: жалпы мазмұнын түсіну үшін оқу, нақты ақпаратты табу үшін оқу. Ұсынылған мәтіндерді дұрыс оқу және түсіну. Болған жағдайға байланысты, сезімге әсер ететін сөздер мен сөйлемдердің мағынасын түсіну. Тұтас және аралас мәтіндердегі ақпаратты салыстыру; көркемдік тілдік құралдар мен арнайы лексика арқылы публицистикалық және ғылыми стиль ерекшеліктерін тану; мақала, аннотация, реферат секілді жазба жұмыстардың құрылымы мен ресімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажырату; ғылыми және публицистикалық, көркем әдеби стильде жазылған мәтіндерді талдау. Оқыған мәтін мазмұны негізінде сұрақтарға жауап беру, көтерілген мәселе бойынша өз ойын білдіру. Мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсіну, анықтау.

Айтылым. Тақырып бойынша өзіне таныс жағдайлар бойынша тілдік конструкцияларды пайдаланып өз ойын айту. Тілдік жағдаятқа сай экспрессивті-эмоциональды сөздерді, дауыс ырғақтары арқылы қыстырма, қаратпа, одағай сөздерді еркін қолданып, диалогке даярлықсыз қатысу, өз пікірін білдіру. Коммуникативтік жағдаятқа сай ғылыми және халықаралық терминдерді, ғылыми деректерді орынды қолданып, сөйлесім әрекеттерінде,

диалог, монолог, полилог секілді тілдік қатысымда: өз ойын дәлелді, жүйелі түрде жеткізу. Мақсатқа сәйкес көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, өз пікірін нақты мысалдармен дәлелдеп, ойын тұжырымдап, қорытындылап айту.

Жазылым. Ұсынылған тақырыпқа қатысты жоспар құру; әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру; коммуникативтік жағдаятты талқылау, өз ойын дәлелдеп жазу; аннотация, тезис, резюме, аргументативті эссе жазу, перифраз тәсілдері арқылы жинақы шағын мәтін жазу; тұтас емес (кесте, диаграмма, сызба, суреттер мен фотосуреттердегі) мәтіндердегі мәліметтерді салыстыру, өңдеу, толықтыру. Тезистік жоспар құру; мақала, аннотация, тезис құрастырып жазу, графиктік мәтіндердегі деректердің маңызды тұстарын анықтап жазу; бұқаралық ақпарат құралдарының материалдарын пайдалана отырып, мәтіндердегі стильдік ауытқуларды, орынсыз қолданылған сөз оралымдарын талдап, стильдік түзетулер жасау, өңдеу, редакциялау. Жазба жұмыстарын әртүрлі формада ұсыну, әртүрлі жазбаша жағдайға жұмыстарын ұйымдастыру. Сюжетті суреттер мен көріністердің желісі бойынша әңгіме құрастыру. Тақырыпқа қатысты өзі білетін мәліметтерді қатыстырып сөйлемдер жаза білу, өз ойын білдіре алу. Әртүрлі жанрда мәтіндер құрастыру. Шығарманың кіріспе, негізгі, қорытынды бөлімдерін сақтай отырып, өзіне таныс адамды, белгілі бір мекен мен оқиғаны сипаттап не суреттеп, баяндап жазу.

Тілдесім. Берілген тақырып аясында қозғалған сөйлесім әрекеттеріне, сұхбаттарға қатысу. Жағдаятқа қатысты өз көзқарасын айтып, пікір білдіру. Диалог-сұрақ, диалог-мәлімет құру. Шығарма, мәтіннен үзінді, қанатты сөздер, дәйексөздер негізінде мәселені анықтау, болжау жасау. Әлеуметтік-қоғамдық, мәдени-тарихи тақырыптарға байланысты диалог, монолог, полилог, сұхбаттардағы коммуниканттың көзқарасын айқындау. Өзіне таныс жағдайлар бойынша дайын тілдік конструкцияларды пайдаланып сөйлесу. Айтылған ойдағы экспресивті-эмоционалды сөздердің рөлін талдау; астарлы сөздің мағынасын анықтау. Тұрмыстық, әлеуметтік-қоғамдық тақырыпты қамтитын мәтіндерді талдау арқылы негізгі идеясын анықтау. Перифраз түрінде сұрақтар беру арқылы мәтіннен қажетті ақпаратты таба білу, көтерілген мәселе бойынша ойын тұжырымдау.

Мәдениетаралық қарым-қатынас бөлімі. Ұсынылған тақырыпқа қатысты мәтіндерді оқу. Мәтіннің мазмұнымен танысу. Ұлттық құндылықтарды, ұлттық мәдениетті, әдепті, ұлтаралық қарым-қатынасты құрметтеуге арналған мәдени-танымдық тапсырмаларды орындату. Қазақ тілінің байлығын мәдени мұралар тілін талдату арқылы игерту. Қорыта айтқанда, ұсынылып отырған лингво-мәдени оқу әдістемесі тіл үйренушіні тілдік ортаға бейімдей отыра, оның қазақ тіліне деген қызығушылығын арттыруды және мемлекеттік тілді жетік деңгейде меңгертуді мақсат етеді.

I тарау Фонетика

Қазақ әріпнамасы. Дыбыс пен әріп. Дауысты және дауыссыз дыбыстар. Орфоэпия мен орфография. Қазақ дыбыстары мен әріптерінің ерекшеліктерін түсіндіру. Дыбыстардың дұрыс айтылуы мен әріптердің қатесіз жазылуын меңгерту. Дыбыстардың жіктелуі, олардың сөз ішіндегі қолдану ерекшеліктеріне назар аударту.

1. Дауысты дыбыстың түрлерін талдап оқыту, олардың емлесін меңгертуге арналған ауызша, жазбаша жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру. Терме жатжазу, көріністік (жаттап) жатжазу, диктант жұмыстарын жазғызу, дұрыс жазуға, айтуға дағдыландыру.
2. Дауыссыз дыбыстың түрлерінің жіктелуіне назар аударту, олардың ерекшеліктерін түсіндіру, емлесін игертуге арнап әртүрлі жазбаша, ауызша жаттығулар, аудио сабағын өткізу.
3. Кірме дыбыстардың қолдану ерекшеліктерін, олардың емлесін түсіндіру. Айтылу және естілу өзгешеліктеріне жан-жақты тоқталу. Оларды меңгертуге арнайы жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Буын және оның түрлері. Буынның айтылу ырғағына тәуелділігі. Сөз соңында айтылмайтын ашық буын түрі. Сөз ортасы мен соңында кездеспейтін (айтылмайтын) буын түрлері. Мәтін мазмұнынан буындардың ығысу құбылысын айқындау. Буындардың ығысуындағы жалаң ашық және тұйық буындардың ролі. Бітеу буын мен күрделі ашық буындардың белсенділік сипаты. Екпін. Негізгі екпін және көмекші екпін. Екпін түспейтін буындар. Тасымал, тасымалдау тәсілі. Буын мен тасымал шарттары. Тасымалдауға болатын буынның екі түрі, яғни кемінде екі күрделі ашық немесе екі бітеу буыннан тұратын, әйтпесе күрделі ашық пен бітеу буыннан тұратын сөздер ғана тасымалданады. Осындай сөздерді мәтіннен тауып, тасымал үлгісіне ұсыну. Тасымалдауға болмайтын сөздер мен шартты белгілер. Буын түрлері мен тасымал сабақтастығы. Сөздерді тасымалдауға болмайтын жайттар. Бір буынды сөздер. Қысқарған сөздер. Оларды оқу-әдістемелік тұрғыдан меңгерту жолдары.
5. Үндестік заңы мен оның қағидалары. Қазақ тілінің өзге түркі тілдерінен ерекшелік қасиетін айқындайтын тұсы - үндестік заңдылығы. Дауысты дыбыстардың үндестік заңын тұрақтандыру ерекшелігі. Сөздердің бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішкелік тұлғасы. Түбір сөздердің үндестік заңына бағынбауы - басқа тілден енгендігі. Мәтіннен үндестік заңына бағынбайтын сөздер мен қосымшаларды іріктеу. Дыбыс үндестігі. Дыбыс үндестігі мен буын үндестігінің айырмашылығы. Дыбыс үндестігі- дыбыстардың бір-біріне ықпалы. Дауысты мен дауысты, дауыссыз бен дауыссыз, дауысты мен дауыссыз дыбыстар арасындағы ықпал түрлері. Ілгерінді, кейінді, тоғ ыспалы ықпалдар. Мәтін бойынша ықпал түрлеріне мысал келтіріп, олардың

айтылуы мен жазылуына пікір білдіру. Буын үндестігі. Үндестік заңы бойынша қосымшалардың жалғану реті. Үндестік заңына бағынбайтын қосымшалар және олардың емлесі. Үндестік заңына бағынбайтын кірме сөздердің жазылу емлесі. Ерін үндестігі: Е, Ы, І дыбыстарының еріндік дауыстылардан кейінгі буындарда келгенде редукцияға ұшырауы. Үндестік заңын меңгерту арналған тіл ұстарту жұмыстарын жүргізу.

1. Орфоэпиялық және орфографиялық норма. Пунктуациялық норма және тыныс белгілері. Орфоэпия – сөздерді дұрыс айту заңдылығы. Сөз тіркестерін, күрделі сөздерді дұрыс айтудағы заңдылық. Буындардың орфоэпияға бағыныштылығы. Орфография - сөздерді дұрыс жазу жайындағы ережелер жиынтығы. Орфографиялық ережелердің кереғар тұстары. Әріп пен дыбыстың үйлесімсіз тұстары.
2. Фонетикалық талдау және оны талдау жүйесі.
8. Фонетикадан өткенді қайталау. Фонетикалық тақырыптарды пысықтауға арналған жаттығулар ұйымдастыру. Тест сұрақтарына жауап беру.

II тарау

Лексика

1. Қазақ тілі лексикасы және лексиология. Сөздің тура және ауыспалы мағыналары. Актив және пассив лексика. Кітаби лексика.
2. Көп мағыналы сөздер мен омоним сөздер. Олардың негізгі белгілері мен айырмашылықтары. Синонимдер мен антонимдер. Синонимдік қатар мен антонимдік жұп құру. Омонимдерді қолдана отырып каламбур жасау.
3. Неологизмдер мен көнерген сөздер. Олардың ерекшеліктері мен ұқсастықтықтары. Неологизмдердің жасалу жолдары.
4. Кірме сөздер. Кірме сөздердің тілімізге ену кезеңдері . Әр кезеңдегі олардың қолданылу ерекшеліктері мен оның себептері.
5. Диалекті сөздер – жергілікті тіл ерекшелігі. Олардың фонетикалық, лексикалық, морфологиялық ерекшеліктеріне тоқталу.
6. Кәсіби сөздер мен терминдер. Олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары.
7. Арго мен жаргондар, олардың қазақ тілінде алатын орны мен қолдану аясы. Олардың пайда болу жолдары мен себептері.
8. Варваризмдер. Олардың күнделікті өміріміздегі көрінісі мен зиянды жақтары.
9. Табу мен эфвемизмдер. Олардың сөйлеу тілімізде атқаратын қызметі. Қазақ халқының ат тергеу дәстүрі.
10. Тұрақты сөз тіркестері. Фразеологизмдер мен идиомдар. Семантика. Сөздердің мәтінде беретін мағынасы мен тура лексикалық мағынасын

анықтауға арналған жаттығу жұмыстары. Сөздердің тіліміздегі қолданылу ерекшеліктерін меңгертуге бағытталған сарамандық жұмыстар. Берілген жаттығудан, көркем әдебиеттен тұрақты сөз тіркестерінің омонимін, антонимін, синонимдерін табу. Олардың қолданылу аясы мен беретін мағынасына көңіл аударту. Лексикалық сөздікті пайдалана отырып, лексикалық қателермен жұмыс жасау. Сөздік қорды байыту жолдарын көрсету. Қазақ тілінің сөздік қорын меңгертуде экстралингвистикалық, парадигмалық, синтагмалық, функциональдық, контекстуальдық қағидаларды оқытушы басшылыққа алады. Тест құрастырып келу.

11. Лексикадан өткен материалдарды қайталау. Өткен тақырыптарды пысықтауға арналған жаттығу жұмыстары мен тапсырмалар.

III тарау Морфология

1. Сөз. Негізгі және көмекші морфемалар. Сөзжасам. Сөз тұлғасы. Негізгі түбір және туынды түбір.
2. Сөз құрамы. Дара сөз және күрделі сөз. Қос сөздер, біріккен сөздер, қысқарған сөздер. Олардың түрлері мен ерекшеліктері, емлесі.
2. Атауыш сөздер, көмекші сөздер және олардың ерекшеліктері мен негізгі белгілері. Сөз таптары мен олардың түрлері. Атауыш сөздер, негізгі сөздерді және тағы да басқа сөздерді топтарына қарай тергізіп жаздыру.
3. Зат есім мен оның мағыналық түрлері, грамматикалық категориялары. Көптік мағына мен көптік жалғауы. Көптік мағынаның жасалу жолдары мен көптік жалғаудың өзі жалғанған сөзге үстейтін мағыналарын түсіндіру. Септеу: жай септеу мен тәуелді септеу. Септіктердің қолданылу мен мағынасы: мысалы, атау септігінің –сәйкестендірілген үлгілерде предикат ретінде қолданылуы: *Мынау – медициналық колледж.* предикативтік белгінің иесі. 1) акционалдық белгі: анам тігіп отыр; 2) жағдаяттық белгінің иесі: інім ойнап жүр, т.б. Тәуелдік жалғау, тәуелдеудің меншіктік пен қатыстық формасы, -нікі,-дікі, -тікі, -ікі тұлғалары. Оңаша тәуелдеу және ортақ тәуелдеу. Жіктік жалғауы. Жекеше және көпше түрде жіктеу. Жалғаулардың жалғану тәртібі. Зат есімді меңгертуге арналған жаттығу жұмыстары, аудиоматериалды пайдалану.
4. Сын есім және оның мағыналық түрлері. Сын есімнің шырайлары, олардың емлесі. Асыл түстер, олардың өмірдегі маңызы. Сын есімді меңгертуге арналған жаттығулар, бейнематериал. Мысалы, “Қыз Жібек” көркем фильмінен фрагмент. Басты кейіпкерлердің портреттерін сапалық және

қатыстық сын есімдерді, сын есімнің шырайларын қатыстыра отырып суреттеу. М.Әуезовтің “Абай” романынан Құнанбай, Абай, Тоғжан, тағы да басқа кейіпкерлердің портретін жаздырту және портретте қолданылған сөздердің көркемдік өрнегіне, айшығына талдау жасау. Сын есімнің бір шырайынан екінші шырай жасату. Сын есімді тіркестер құрастыру. Сын есімнің заттануы, субстанция құбылысы. Әртүрлі жаттығу жұмыстары.

5. Сан есім және оның мағыналық түрлері. Сан есімнің өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу. Араб пен рим цифрларын қолдану аясы мен қолданудағы өзгешеліктерін түсіндіру. Сан есімдерді біресе сөзбен жаздырту, біресе цифрмен жаздыртуға арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру. Мысалы, қазақ халқының ұлттық дүниетанымы: жеті қазына және қасиетті сандар жайлы әңгімелеу. Қазақы мезгіл атауларын сағатпен (уақыт өлшемімен) салыстыра оқыту. Сан есімдердің сөйлемдегі атқаратын қызметтеріне тоқталу. Сан есімнің жазылу емлесі. Бақылау және жаттығу жұмыстары.
6. Есімдік және оның мағыналық түрлері. Есімдіктің өзіндік ерекшеліктері мен сөйлемдегі атқаратын қызметіне тоқталу. Жазылу емлесі. Есім сөздерді есімдіктермен алмастыру тәсіліне негізделген және есімдікті меңгертуге арналған жаттығулар.
7. Үстеу және оның мағыналық түрлері. Үстеудің сөйлемдегі қызметі. Үстеудің тұлғалық түрлері. Үстеудің жасалу жолдары. Өзге сөз таптарының үстеуге айналуы, адбервализация құбылысы. Үстеудің жазылу емлесі. Баспасөз құралдарын пайдалана отырып, әлемдегі ең маңызды мәселе – ауыз су мәселесіне тоқталу. Мәтіннен үстеулерді мағыналық топтарына қарай теріп жазу. Пейзаж. Бейнематериалмен, көркем суретпен жұмыс. Үстеулерді қолдана отырып, суретке қарап пейзаждық көріністі суреттеу. Үстеуді меңгертуге арналған жазбаша, ауызша жаттығулар және шығармашылық жұмыстар.
8. Одағай сөздер. Оқшау сөздер туралы түсінік. Одағайдың мағыналық түрлері. Одағайдың өзіндік ерекшелігі. Одағайдың айтылудағы интонациясы мен жазылу емлесі. Одағайдың сөйлем құрамында айтылса да, сөйлем мүшесі бола алмайтын себебін түсіндіру. Одағайға арналған жаттығу жұмыстары.
9. Еліктеу сөздер, олардың түрлері: дыбыстық еліктеуіш пен көріністік бейнелеуіш сөздер. Негізгі еліктеу мен туынды еліктеу. Еліктеу сөздердің сөйлемдегі қызметі. Еліктеу сөздерден жасалатын туынды сөздер. Табиғаттық құбылыстарды суреттей отыра еліктеу сөздердің жасалу ерекшеліктері мен емлесін меңгертуге арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру. Шылау сөздер және оның мағыналық түрлері. Жалғаулықтар, септеуліктер, демеуліктер. Олардың өзіндік ерекшеліктері мен жазылу емлесі. Сөзбен сөзді, сөйлеммен сөйлемді байланыстыратын қызметіне тоқталу. *Кейін, бұрын, соңы және мен* шылауларын негізгі сөздерден

- ажыратуға арналған тапсырмалар беру. Шылауларды қатыстыра отырып, жазбаша жаттығу жұмыстарын жазу. Терме жатжазу жұмысын ұйымдастыру.
10. Етістік және оның етістікке тән негізгі тұлғалық белгілері. Негізгі және туынды етістіктер. Болымды және болымсыз етістіктер. Салт және сабақты етістіктер. Қалып етістіктер. Етіс категориясы. Есімше мен көсемше. Етістіктің шақтары. Рай категориясы. Тұйық етістік. Етістіктің жіктелуі. Етістіктің әрбір категориясының өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру. Етістіктің сөйлемдегі қызметіне тоқталу. Етістіктің грамматикалық категорияларын меңгертуге негізделген жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
 11. Морфологиялық талдау жүйесі мен талдау үлгісі.
 12. Өткен материалдарды қайталау. “Бүгінгі студент – ертеңгі ұстаз” атты “брейн-ринг” сабағын өткізу. Тест сұрақтарына жауап беру.

ІҮ тарау

Синтаксис

1. Синтаксис туралы түсінік. Сөз тіркесі. Еркін тіркестер мен тұрақты тіркестер. Сөз тіркестерінің байланысу жолдары мен тәсілдері.
2. Жай сөйлем. Оның түрлері. Сөйлем мүшелері. Тұрлаулы және тұрлаусыз сөйлем мүшелері және олардың өзіндік белгілері. Айқындауыш мүше мен бірыңғай сөйлем мүшелері. Сөйлем мүшесіне талдау тәртібі мен жүйесі. Бір жай сөйлемді екінші жай сөйлемге айналдыру. Мысалы, хабарлы сөйлемді – сұраулы немесе бұйрықты, лепті сөйлемге, ал толымдыны – толымсызға, жайылманы – жалаңға, т.б. түрлерге айналдырып жазу жұмыстары. Сөйлем мүшесіне талдау мен сөйлем мүшелерін байланысу жолдары мен тәсілдерін анықтауға арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
3. Оқшау сөздер. Қыстырма сөздер мен қаратпа сөздер. Олардың өзіндік ерекшеліктеріне тоқталу, сөйлем мүшесі бола алмайтын себебін түсіндіру. Тыныс белгілерін меңгертуге арнап жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.
4. Құрмалас сөйлем, оның түрлері. Құрмалас сөйлем мен жай сөйлемнің басты ерекшеліктеріне тоқталу. Құрылымдық өзгешеліктерін түсіндіру.
5. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмалас, олардың түрлері. Құрамындағы жай сөйлемдердің байланысу жолдары мен тәсілдерін түсіндіру. Салалас құрмалас пен сабақтас құрмаластардың жасалу жолдарына назар аударту, олардың өзіндік ерекшеліктері мен негізгі белгілеріне тоқталу. Салалас пен сабақтастың түрлерін салыстыра отырып оқыту. Құрмаластың бір түрінен екінші түрін жасату.
6. Ыңғайлас салалас құрмалас. Ыңғайлас салаластың өзіне тән белгілері. Ыңғайлас салаластың байланысу тәсілдері. Құрамындағы

компоненттерінің ыңғайлас, бағыттас, мезгілдес мәндегі қарым-қатынаста болатындығын түсіндіру.

7. Қарсылықты салалас құрмалас. Қарсылықты салаластың өзіндік белгілері. Жалғаулықты, жалғаулықсыз қарсылықты салалас және олардың тыныс белгілері. Жалғаулықсыз қарсылықты салаластың компоненттерінің орын тәртібіне, интонация арқылы байланысуына назар аударту.
8. Түсіндірмелі (іліктес) салалас құрмалас. Түсіндірмелі салаластың өзіндік белгілері. Түсіндірмелі салаластың компоненттерінің жалғаулықсыз байланысатындығын және оларға қойылатын тыныс белгілерін түсіндіру.
9. Талғаулы салалас құрмалас. Талғаулы салаластың өзіндік белгілері. Оның тек жалғаулықты болып келетіндігіне тоқталу.
10. Кезектес салалас құрмалас. Кезектес салаластың өзіндік белгілері. Кезектес салаластың компоненттері тек кезектес мәнді жалғаулықтар арқылы байланысатындығын түсіндіру. Мысалдар келтіру, дәлелдеу.
11. Себеп-салдар салалас құрмалас. Себеп-салдар құрмаластың өзіндік белгілері. Оның байланысу тәсіліне қарай жалғаулықты, жалғаулықсыз болып екі түрге бөлінетіндігін түсіндіру. Жасалу жолдары мен қойылатын тыныс белгілеріне назар аударту. Нақты мысалдар, жаттығулар арқылы меңгерту.
12. Шартты бағыңқы сабақтас құрмалас. Оның бағыңқы компонентінің баяндауышының жасалу жолдары мен басты белгілерін түсіндіру. Жалғаулықты, жалғаулықсыз түрлеріне қойылатын тыныс белгілеріне көңіл аударту. Бағыңқы сыңарына қойылатын сұрақтарды саралап атап көрсету.
13. Қарсылықты бағыңқы сабақтас құрмалас. Қарсылықты бағыңқы сабақтастың құрамындағы компоненттеріндегі айтылатын ой қарама-қарсы мәндік қарым-қатынаста болатындығын және бағыңқы компоненті арнайы сұраққа жауап беретіндігін атап көрсету. Жасалу жолдары мен тыныс белгісіне тоқталу. Қарсылықты салаласпен салыстыра отырып түсіндіру. Салаластан – сабақтас, сабақтастан салалас жасату.
14. Мезгіл бағыңқы сабақтас құрмалас. Мезгіл бағыңқының баяндауышының жасалу жолдарына және мезгіл бағыңқы сабақтастың сыңарларының байланысу тәсілдеріне тоқталу, нақты мысалдар арқылы меңгерту. Бағыңқы компонентінің сұрақтарына арнайы тоқталу.
15. Қимыл-сын бағыңқы сабақтас құрмалас. Қимыл-сын пысықтауышты еске түсіріп қайталау арқылы қимыл-сын пысықтауышпен салыстыра отырып, нақты мысалдар келтіріп, қимыл-сын бағыңқы сабақтастың басты өзіндік белгілерін түсіндіру, меңгерту.
16. Себеп бағыңқы сабақтас құрмалас. Себеп бағыңқы сабақтастың басты белгілеріне және бағыңқы компоненттерінің баяндауышының жасалу

жолдарына көңіл аударту. Мағыналары бір-біріне жуықтас мәнде келген жай сөйлемдерден себеп бағыңқы сабақтас сөйлемдер жасату.

17. Мақсат бағыңқы сабақтас құрмалас. Мақсат бағыңқы сабақтастың өзіндік белгілерін мақсат пысықтауышпен салыстыра отырып түсіндіру. Бағыңқысына арнайы сұрақтар қоя отырып, бағыңқысы басыңқысындағы іс-әрекеттің, айтылған ойдың мақсатын білдіретінін нақты мысалдар арқылы дәлелдеу, меңгерту.
18. Аралас құрмалас, оның өзіндік ерекшелігіне тоқталу, жасалу жолдарын түсіндіру. Жазылуда тыныс белгілеріне көңіл бөлу. “Мақал-мәтелдер – сөз мәйегі” атты “брейн-ринг” сабағын өткізу. Мақалдар мен мәтелдердің құрылымдық жүйесіне назар аударту. Құрмалас сөйлем туралы мәлімет бере отырып, олардың тіліміздегі қолдану аясы мен атқаратын қызметіне тоқталу. Құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қарым-қатынасына қарай құрмаластардың бірнеше түрге бөлінетіндігін сызба (схема) арқылы түсіндіру, оларды даралап, саралап оқыту. Жаттығулардан құрмалас сөйлемдердің мағыналық-грамматикалық түрлерін табу, тиісті тыныс белгілерін әрбір түріне сәйкес қойып оларды көшіртіп жаздыру. Құрамындағы жай сөйлемдердің мағыналық қатынасын, олардың байланысу жолдары мен тәсілдерін анықтау.
19. Синтаксистік талдау жүйесі мен оның үлгісі.
20. Синтаксистен өткенді қайталау. Қайталауға арналған жаттығулар. Құрмалас сөйлемдерге тірек конспект жаздырту. Баяндама және хабарлама жасату. Бағыңқысын баяндауышын мағынасы жуық сөздермен, сөз тіркестерімен алмастыра отырып, сабақтас сөйлемдердің синонимдік қатарын түзу. Тест сұрақтарына жауап беру.
21. Төл сөз бен төлеу сөз. Олардың тыныс белгілері. Төл сөзі бар мәтіндерді дауыстап оқып, олардан төл сөздерді ажырату. Мәтіннен төл сөздерді бір бөлек, ал төлеу сөздерді бір бөлек тергізіп жаздыру. Олардың тыныс белгісіне көңіл бөлдіру. Төл сөзді төлеу сөзге, керісінше төлеу сөзді төл сөзге айналдырып жазу жұмыстарын жүргізу. Диалог пен монолог. Көркем әдебиеттен диалог пен монологтік сөйлеу үлгілерін таптырту, олардың тіліміздегі атқаратын қызметі мен стиліне назар аударту. Тыныс белгілерін пысықтауға арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру.

Ү ТАРАУ

Стиль және стилистика

1. Стиль және стилистика. Стиль туралы түсінік. Стильдің түрлері. Олардың функциональдық қызметтеріне тоқталу. Әр стильдің өзіндік ерекшеліктерін түсіндіру. Көркем әдебиет пен баспасөз материалдарын және ресми іс қағаздарының үлгісін пайдалана отырып, стильдерді меңгертуге

арналған жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру. Нормативтік грамматика. Ресми-іскери қазақ тілінде сауатты түрде құжаттар үлгісін толтырту.

2. Ауызекі сөйлеу стилі. Ауызекі сөйлеу стилінің өзіндік белгілері. Ауызекі сөйлеу стилінің міндеті мен атқаратын қызметі. Ауызекі сөйлеу стилін кітаби стильмен салыстыра және қарама-қарсы қойып түсіндіру.

3. Көркем стиль. Стильдік тәсіл, стильдік құрал, стильдік белгі, стильдік ауытқушылық, стильдік норма, стилист деген ұғымдарға анықтама беру, мысалдар келтіру. Көркем шығармаларды талдау. Көркем стильдің сөйлеу мен жазу тәжірибесінде алатын орны мен атқаратын қызметінің маңызына тоқталу. Шығарма жаздырту. Шығармаға қойылатын талаптармен таныстыру. Шығармаға жоспар мен тезис жасату. Бір көркем шығармаға рецензия жаздырту. Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрлері болатынын, оларға тән ерекшеліктерді білуі тиіс.

4. Ресми іс қағаздар стилі. Ресми стильге тән басты белгілерді таныту. Ресми стильге тән тілдік құралдарды, стильдік тәсілді саралап көрсету. Ресми іс қағаздардың үлгісін пайдала отырып, құжаттарды сауатты жазуды меңгерту.

5. Ғылыми стиль. Ғылыми стильдің өзіндік ерекшеліктері мен басты белгілерін түсіндіру. Ғылыми стильдің ғылыми еңбектерге тән болып табылуы. Жалпылама сөйлеу – дерексіз, қисындық дәлелдеу мен кітаби лексика, ғылыми терминдерді қолдану басым болып келеді. Ғылыми баяндама немесе реферат жаздырту.

6. Публицистикалық (көсемсөз) стиль. Әлеуметтік-саяси қызметіне тоқталу. Баспасөз құралдарына тән болып келетіндігін түсіндіру. Тыңдаушыларға стильдік жағынан ұранды, көпшілікке тигізетін ықпалы маңызды болып келетін бас мақалаларды оқып беру, олардың стильдік ерекшелігіне көңіл аударту.

7. Өткен материалдарды қайталау, өткен сабақтарды қорыту. Тыңдаушы азаматтарға сауалнама тарату және қорытынды бақылау тапсырмаларын беру. Пысықтауға арналған жаттығу жұмыстарын жүргізу.

ҮІ ТАРАУ

Шешендік өнер және сөз бедері. Сөйлеу мәдениеті, сөз саптау әдебі

Қазақ халқының шешендік мектебі және оның көрнекті өкілдері туралы, ұлттық шешендік өнер туралы кіріспе. Қазақ халқының ұлттық және әлемдік шешендік өнердің тарихымен таныстыру; шешендік өнер туралы ой-пікірлерге талдау жасау. Билердің шешендік тағылымына тоқталу және олардың халқымыздың қоғамдық өмірінде алатын маңызына назар аударту. Тіл мәдениеті мен шешендік өнердің талаптарын, ұлттық және әлемдік шешендік өнерге тән ортақ қағидаттарды, қазіргі қоғамдағы шешен өнердің түрлерін игерту.

Пікірталас алаңында сөйлеу мәдениеті мен пікірталасқа түсу тәсілдерін меңгеруі, пікірталастың түрлері мен оларға тән ерекшеліктермен танысуы және білуі тиіс. Көпшілік алдында, мінберде сөйленетін сөздің құрылымын, пікірталастың қоғамдағы орнын, пікірталас мәдениетінің талаптарын; әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-саяси, ғылым-білім мазмұнына, таңдаған кәсібіне байланысты тақырыптарда пікірталасқа түсе білуі; жарыссөз, сөйлеу барысында тілдің лексика-фразеологиялық қорын, дыбыстық-грамматикалық және стильдік жүйесін; тұрақты сөз тіркестерінің, қанатты сөздердің, жай сөйлемдер мен құрмалас сөйлемдердің ойды жеткізудегі рөлін және қолданыс ерекшелігін меңгеруі тиіс. Шешен, лебіз иесі сөйлеу барысында әдеби тілдің нормаларының сөз мәдениетіне қатысын негіздей алуы; қоғамдық орындарда, көпшілік алдында, пікірталас алаңында, ресми орындарда, әлеуметтік-тұрмыстық қатынастағы сөз әдебін сақтауы, тұрмыстық-әлеуметтік қатынастағы әдептілік нормаларын меңгеруі, сөйлесім әрекетінің барлық аспектісінде әдеби тілдің нормаларын стиль түрлеріне сай қолдана білуі тиіс.

Білім алушы тілдік қатысымға қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгеруі; пікірталаста және басқа да сөйлесім әрекеттерінде шешендікке машықтанудың әдіс-тәсілдерін қолдана білуі; мақсатқа сәйкес әртүрлі тақырыптарда пікірталасқа түсу еркіндігін және жиі қолданылатын тәсілдерді меңгеруі; көпшілік алдында сөйленетін сөздің құрылымы мен міндеттерін тақырыпқа, мән-мазмұнына сай түзе алуы, сөз саптай алуы; шешендік өнердің канондарын күнделікті тәжірибеде қолдана білуі тиіс.

Сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстар

Қазақ тілін оқытуда сабақтан тыс жүргізілетін жұмыстардың – ұстаз жетекшілігімен атқаратын студенттердің өздік жұмыстарының маңызы өте зор. Тыңдаушының өздік жұмысына лайықты грамматикалық-лексикалық тақырыптар сұрыпталады. Оларға қойылатын белгілі бір тәртіппен, жүйеге негізделген талаптар мен тапсырмалар болады. Оқу-әдістемелік қағиданы басшылыққа ала отырып, әрбір студент өздік жұмысын орындауға міндетті. Тыңдаушы өздік жұмысты орындау кезінде қазақ тілі пәнінің оқытушысының ақыл-еңесіне, консультациясына, көмегіне сүйене алады. Пән оқытушысы өздік жұмыстың тақырыбын ұсына отырып, тыңдаушыға жұмысқа қойылатын талаптар мен тапсырмаларды таныстырады. Жұмысты орындауда қажет болатын әдебиеттер тізімін ұсынады және тиімді әдіс-тәсілдер туралы кеңес береді. Тыңдаушының өздік жұмысы оның білімінің тереңдей түсуіне көмектеседі. Тыңдаушылардың өздік жұмысын орындауға әдістемелік нұсқаулар беріледі. Тапсырмаларды беру әрбір модульді бастағанда жүзеге асырылады. ТӨЖ оқытушыға ТООЖ кестесі бойынша белгіленген аптада тапсырылады. Өз бетінше дайындақ уақыты – модульді оқыту кезеңі болып

табылады. Тыңдаушылар үшін маңызды әдебиеттер тізімі берілген. Есеп беру формасы ретінде өткен тақырыптар бойынша жеке әңгімелесу, ТӨЖ құрамында енген мәтінді, жаттығу жұмыстары тексеріледі. Қазақ тілі курсына әңгіме құрастыру, мәтіннің мазмұнын айту немесе жақынырақ таныс тақырыпқа шағын мәтін жазылу тапсырылады. ТӨЖ тапсырмаларын беру кезінде оқытушы тыңдаушыны курс мазмұнында көрсетілгендей бағалау критерийімен таныстырады. Орындалған жұмыс ТООЖ уақытында тапсырылуы тиіс, егер уақытында тапсырылуы керектігі ескертіледі. Тиісті әдебиеттер тізімі ұсынылады. Әр тапсырманы тапсыру жұмыс түріне байланысты: жазбаша, ауызша болады. Сөйлеу шеберлігі мен сауаттылығын арттырады. Тыңдаушы азамат берілген тақырып бойынша зертханалық жұмыс жүргізе алады немесе баяндама, реферат дайындауына болады. Қазақ тілі сабағына байланысты дөңгелек үстел, ресми жиын, пікірталас және ғылыми-әдістемелік конференцияларды ұйымдастыру да жастардың тілге деген құлшынысын арттыра түседі. Үлгерімі төмен тыңдаушы қандасға арнап жүргізілетін қосымша сабақтың маңызы да зор. Тіл мерекесін ұйымдастыру. Мерекені тіл сабағын дамытуға негіздеу және мәнерлеп оқу, өте жылдам оқу, шешендік сайыс, “Кім білгіш?”, тағы да басқа осы сияқты шаралар ұйымдастыру, оларды өткізу де тыңдаушы қандас жастардың қазақ тілін терең меңгеруіне жәрдемін тигізеді. Тіл сабағына байланысты альбом, буклет жасау, қолжазба журнал шығару да тыңдаушының сөз байлығының молаюына және грамматикалық тұрғыдан сауатының артуына көмектеседі.

Тыңдаушылардың өздік жұмыстарына арналған тақырыптар

1. Мәтінмен жұмыс. Мәтіндердің құрылымдық сипатына талдау жасау;
2. Мәтіннің жанрларын айқындау, түрлерін талдау;
3. Мәтіндерге мазмұны қарай тақырып беру, ат қою дағдысы;
4. Мәтінді тарауға, бөлікке (абзацқа) бөлудің негізгі талаптарын меңгеру;
5. Бөліктерге бөлудің маңызы мен оларға тақырыпша беру жүйесі;
6. Мәтіннің түрлерін: көркем әдеби, таза ғылыми, ғылыми-көпшілік, баяндау, сипаттау, суреттеу, анықтамалық, өндірістік-техникалық екенін мазмұнына қарай анықтау;
7. Мәтін мазмұнының, тілдік ерекшеліктерінің мәтін стиліне қатысы;
8. Мәтіннің стильдерін: мағынасы мен мазмұнына, сөз саптау ерекшелігіне, тілдік жағдаяттарға қарай – ауызекі, ресми, ғылыми, публицистикалық, көркем әдеби стиль екендігін айқындау;
9. Мәтіндердің сөздердің берілудегі ерекшеліктеріне қарай нақты деректермен мәтін түрлерін дәлелдеу;
10. Ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндердегі басты белгілерін: эмоциональдық сөйлеу мен жергілікті тіл ерекшеліктерін көрсету;

11. Көркем әдеби стильде жазылған мәтіндердегі көркем стиль мен көркем әдеби стильдің айырымдық белгілері, авторлық баяндау, суреттеу, сипаттау мен кейіпкер тіліне талдау жасау;
12. Мәтіндердегі термин сөздердің берілу ретіне қарай таза ғылыми немесе ғылыми-көпшілік мазмұнда екенін анықтау;
13. Ресми-іскери мазмұнда жазылған мәтіндердің, құжаттардың стильдік ерекшеліктерін талдау, құжаттарды мазмұндық, құрылымдық ерекшеліктеріне қарай топтау;
14. Публицистикалық стиль және БАҚ лебізін талдау;
15. Қазақ тілінің лексикасы мен ұлттық нақышқа анықтама жасау;
16. Тілдік көркемдеуіш құралдарының стильдерге қатынасы;
17. Презентацияларды құру және эссе, шығарма, баяндама жазу, мақалаларды ресімдеудің талаптарымен, ережелерімен танысу және алғышарттарын меңгеру.

Қорытынды. «Оқу сауаттылығы» сабағында шетелдік қандас тыңдаушыларға олардың функциональдық сауаттылығын дамыту жолында әртүрлі жанрдағы, стильдердегі мәтіндермен жұмыс істеу машығын қалыптастырумен қатар қазақ тілінің тілдік бағдарынан оқу материалдары ұсынылады. Сабақта өтілген тақырыпқа, тілдік бағдарға сай сұрыпталған әлеуметтік-тәрбиелік мәні зор сан алуан типтегі мәтіндер беріледі. Мәтіндердің құрылымдық ерекшеліктері мен көлемі пәннің білім мазмұнына орай «жеңілден-ауырға» қағидатымен сұрыпталады. Бір нұсқада төрт мәтін болады: бірінші мәтін өте шағын және осыған сәйкес екі тест тапсырмасы, ал екінші мәтін біріншіден көлемі екі есе артық, сол себепті тапсырма да екі есе артық: төрт тапсырма болады. Осы жүйе бойынша үшінші мәтін орташа көлемді және 6 тапсырмасы бар болса, төртінші мәтін бірінші мәтіннен төрт есе көлемді болады әрі сегіз тест тапсырмасы беріледі.

Сабақты қызықты ұйымдастыру мақсатында оқытушылар әртүрлі оқыту әдістемелерін, «кейс» стади, «инсерт», «кубизм», «семантикалық карта», «түсіндірме сөздігі үйшігі», «бас киім кию», «брейн-ринг» секілді т.б. көптеген инновациялық технологияларды түрлендіріп қолданады.

Тыңдаушылардың білім дағдыларын бекіту, шығармашылық қабілеттерін арттыру, индикатор жетістіктерін нәтижелі ету үшін оларға өздік жұмыстар беріледі. Тыңдаушылардың назарына өз бетінше немесе оқытушының жетекшілігімен орындалатын өздік жұмыстардың тақырыптары ұсынылады. Өздік жұмыстар тыңдаушылардың білім сапасын жақсартып, теориялық білім дағдыларын практикада қоладана білуге бағытталады. Тыңдаушылар өтілген тақырып бойынша, нақты тілдік материалға қатысты ой-пікірлерін жинақтап, өз түсінігін нақты өз сөзімен жеткізуге дағдыланады, оқулықтарды, ғылыми

әдебиеттерді, ғаламторды, басқа дереккөздерін пайдаланып жұмыс істеуді үйренеді.

Оқытуда күтілетін нәтиже. Шетелдік қандас тыңдаушылар ана тілін адамдар қарым-қатынасындағ маңызды құрал ретінде:

- Қарым-қатынас жасауға керекті, қолданыста жиі кездесетін практикалық грамматика бірліктерін қолданып, тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби салаларда әртүрлі сөйлеу жағдаяттарына еркін араласып, сұхбатқа қатысып, қолдауға, қажетті ақпараттарды сұрап алуға;
- Тілдің, мәдениеттің, қарым-қатынас саласы ерекшеліктеріне сәйкес жеке тұлғалық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жағдайларында құзыреттілік танытуға; пікірталастарда этикалық, мәдени, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға, өз көзқарасын білдіруге, оны дәлелді түрде қорғауға, әңгімелесушілердің пікірін сыни бағалауға;
- қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрауға және хабарлауға, қатысушылардың іс-әрекеттеріне баға беруге, таным мен қарым-қатынас жағдайында әңгімелескен адамға әсер ету құралы ретінде ақпаратты пайдалануға;
- Интернет-ресурстар арқылы берілген ақпараттарды тыңдап, түсінуге, сұхбаттасушының, пікір білдірушінің сөздерін тыңдап, негізгі тақырыпты анықтауға, автордың ойын түсінуге, айғақтар мен мәліметтерді ажыратуға қабілетті бола алады.

Оқытуда күтілетін нәтиженің жетістік индикаторы:

- Орфографиялық және орфоэпиялық нормаларды сөйлеу әрекетінде (тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылым) сауатты қолдана алады;
- тілді меңгерудің базалық деңгейіне арналған фонетикалық, лексикалық, грамматикалық тілдік бірліктерді нақты коммуникативтік жағдаяттарда жұмсауды үйренеді;
- орта деңгейге арналған грамматикалық формаларды, лексикалық тілдік бірліктерді стильдік ерекшеліктерді сақтай отырып, осы деңгейге сәйкес сұхбатқа қатыса алады;
- Қазақ тілінде әлеуметтік маңызы бар мәселелерді талқылауға қатыса алады;
- өзінің жеке ниеттері мен қажеттіліктерін (тұрмыстық, оқу, әлеуметтік, мәдени, кәсіби бағдарлы) жүзеге асыра алады, оларды этикалық жағынан дұрыс, мағыналы толық, лексика-грамматикалық және прагматикалық тұрғыда жеткізе алады;
- Сұхбаттасушылардың іс-әрекеттеріне баға бере алады, өз көзқарасын білдіре алады, оны дәлелдей алады;
- . Өзіне қажетті ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдана алады, сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдана алады;

- Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді және олардан негізгі/қосымша ақпаратты белгілей алады;
- Мәтіннің әрбір бөліктерін, қорытындысын сипаттап бере алады, бөліктерге бөліп тұжырымдай алады;
- Кәсіби қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпарат сұрай және хабарлай алады;
- Түрлі дереккөздерді пайдалана отырып, әңгімелескен адамды дәлелдер арқылы сендіре алады;
- Сөйлеу барысында сөйлеушінің мақсатын анықтай алады және прагматикалық талдау жасай алады;
- Есту, көру, тыңдау арқылы алынған ақпаратты түсінеді, түсіндіреді, толықтырады, жеткізеді.
- Автордың ойын, көзқарасын анықтайды, пікір білдіреді, бағалайды, талдайды;
- Түрлі айғақтар мен дәлелдерді қажет кезде ұтымды қолдана алады.

Негізгі әдебиеттер

1. Оқушылардың оқу сауаттылығы. Оқу құралы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық өлшеулер орталығы».
2. Мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту жөніндегі 2012 – 2016 жылдарға арналған ұлттық іс-қимыл жоспары.- Астана:2012. –1-2 б.
3. Бастауыш мектеп оқушыларының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру әдістемесі. Әдістемелік құрал. Астана: 2013. – 7-8 б.
4. PISA халықаралық зерттеуі. Әдістемелік құрал. Астана: ҰББСБО, 2013.
5. Оқу сауаттылығы. Тренерге арналған нұсқаулық. PEARSON, 2013.
6. Оқу сауаттылығы. Мұғалімнің жұмыс дәптері. PEARSON 2013.
7. Исаев С.М. Қазақ тілі, Алматы – 2007;
8. Сауранбаев Н. Қазақ тілі, Алматы – 2000;
9. Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі, Алматы -2003;
10. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы- 1995;
11. Сағындықұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Лексикология. Алматы-2003;
12. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы- 2009;
13. Қазақ грамматикасы. Астана -2002;
14. Оралбай Н. Қазақ тілінің морфологиясы. Алматы – 2006;
15. Ғабитханұлы Қ. Қазақ тілі (оқу құралы). Алматы -2005;
16. Ибрагимов Қ. Қазақ тілі (талапкерлерге арналған оқу құралы). Алматы -2015.

Қосымша әдебиеттер

1. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. Алматы – 2010;
2. Байтұрсынұлы А. Тіл тағлымы. Алматы – 1992;
3. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Алматы – 1996;
4. Балақаев М. Қазақ әдеби тілі. Алматы – 1987;
5. Сыздықова Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. Алматы – 1984;
6. Томанов М. Тіл тарихы туралы зерттеулер. Алматы – 2002;
7. Х.Мұхамбет Кәрім. Диалектология мен қазақ әдеби тіл тарихы мәселелері. Алматы – 2001;
8. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы – 1971;
9. Синонимдер сөздігі. Алматы – 2007;
10. Орфографиялық сөздік. Алматы – 2013;
11. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы – 2010;
12. Оразов М. Қазіргі қазақ тіліндегі қалып етістіктер. Алматы-1980;
13. Оразбаева Ф. Қазіргі қазақ тіліне арналған жаттығулар. Алматы– 1999;
14. Көркем шығармалар.